

«Мұхаметжан Тынышбаев
атындағы ALT
университеті» АҚ



АО «ALT Университет
имени Мухамеджана
Тынышпаева»

БЕКІТЕМІН
«Мұхаметжан Тынышпаев
атындағы ALT Университеті» АҚ

Басқарма Төрағасы-Ректор
М. Жармағамбетова




«03» / 09 2025 ж.

Көлік қызметтері және бизнес
кафедрасы туралы




ЕРЕЖЕ

Алматы, 2025 ж.

1 ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық саясат және сапа департаменті	 Қолы	Кадиров А.К.
---	---	--------------

2 КЕЛІСІЛДІ

Академиялық қызмет проректоры (Басқарма мүшесі)	 Қолы	Абдрешов Ш.А.
Ғылым және халықаралық ынтымақтастық проректоры (Басқарма мүшесі)	_____ Қолы	
Корпоративтік және әлеуметтік даму проректоры (Басқарма мүшесі)	 Қолы	Иванов А.А.
Логистика және бизнес институтының директоры	_____ Қолы	Даубаев К.Ж.
Заң департаментінің директоры	 Қолы	Адаев А.С.
HR департаментінің директоры	 Қолы	Жумагулова К.Т.

3 БЕКІТІЛДІ Басқарма Төрағасы – Ректордың ~~498~~ 08 2025 ж.
№ 393 бұйрығымен

4 ЕНГІЗІЛДІ « 02 » 09 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Негізгі мақсаты.....	4
2. Қызметтің нормативтік негіздері	4
3. Бөлімшенің функциялары және жауапкершілікті бөлу	5
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	8
Танысу парағы	9

1. Негізгі мақсаты

1.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кафедрасы (бұдан әрі – кафедра) «Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ-ның (бұдан әрі – Университет) негізгі ғылыми-білім беру құрылымдық бөлімшесі болып табылады және кафедраға бекітілген бакалавриат, магистратура білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББ) бойынша оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарын жүзеге асырады.

- Кафедра білім алушыларды дайындауды және бітіруді жүзеге асырады:
- бакалавриаттың дайындық бағыты бойынша:

1. 6В11300 - Көліктік логистикасы
2. 6В11328 - Саудадағы қызметтерді басқару
3. 6В11333 - Цифрлық логистика (бакалавриат)
4. 6В04142 - Экономика және менеджмент (балалар бойынша)
5. 6В04125 - Маркетинг және бизнес аналитика
6. 6В11326 - Тасымалдауды, құрылысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану
7. 6В11367 - Жол қозғалысын ұйымдастыру
8. 6В07174 - Көлік процестерінің интеллектуалды технологиялары
9. 6В04144 - Электроника және коммуникация
10. 6В11368 - Халықаралық логистика
11. 6В11369 - Салалар бойынша логистика
12. 6В11371 - Логистикамен заманауи басқару
13. 6В07165 - Темір жол көлігіндегі логистикалық жүйелерді басқару
14. 6В07166 - Көлік процестері және темір жолдарды эксплуатациясы
15. 6В04145 - Халықаралық сауда
16. 6В11370 - Тасымалдауды ұйымдастыру
 - магистратураның дайындық бағыты бойынша:
 1. 7М11354 - Логистика (салалар бойынша)
 2. 7М11355 - Логистика (салалар бойынша)
 3. 7М11356 - Ресурстық және өндірістік логистика
 4. 7М04166 - Экономика және менеджмент
 5. 7М04167 - Экономика және менеджмент
 6. 7М04168 - Маркетинг және бизнес аналитика
 7. 7М11351 - Көлікті пайдалану және жүк қозғалысын мен тасымалдауды ұйымдастыру
 8. 7М11352 - Көлікті пайдалану және жүк қозғалысын мен тасымалдауды ұйымдастыру
 9. 7М11353 - Жоғары жылдамдықтардағы темір жол көлігіндегі экономика, логистика және инфрақұрылым
 10. 7М04170 - ЕМВА - іскерлік әкімшілік
 11. 7М11374 - Жеткізу тізбегін басқару
 12. 7М04171 - Логистикадағы бизнесті басқару (МВА)
 13. 7М04173 - Экономика және менеджмент

14.

- докторантураның дайындық бағыты бойынша:

1. 8D11362 - Логистика (салалар бойынша)

2. 8D11361 - Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану

- Кафедра Университеттің ұйымдық құрылымына сәйкес Энергетика және сандық технологиялар институтының директорына тікелей бағынады.

Кафедра қызметінің мақсаттары:

- еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттіліктер жиынтығы бар бәсекеге қабілетті бітірушілерді қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешені кәсіпорындарында және басқа да экономика салаларында кәсіби қызметті жүзеге асыра алатын кадрларды дайындау.

- кафедра өз қызметін оқу жылына арналған кафедраның операциялық жоспары және жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады. Кафедраны конкурстық негізде сайланған және конкурс шарттарымен белгіленген мерзімге тағайындалған кафедра меңгерушісі басқарады.

Кафедра құрамына мыналар кіреді:

- профессорлық-оқытушылық құрам (бұдан әрі – ППС): кафедра меңгерушісі, профессорлар, ALT профессорлары, қауымдастырылған профессорлар, ALT қауымдастырылған профессорлары, сениор-лекторлар, ассистент-оқытушылар, тәлімгер-оқытушылар;

- оқу-көмекші персонал – кафедра маманы.

2. Қызметтің нормативтік негіздері

Кафедра туралы Ереже сыртқы және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңдары;

- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттары: Жоғары және магистратурадан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Несие технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері, Жоғары және магистратурадан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері;

- жоғары білім берудің сапасын қамтамасыз ету бойынша еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі стандарттар және нұсқаулық (ESG);

- Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі (ІСҚЕЖ);

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Университет Жарғысы;
- Академиялық саясат;
- Университеттің 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы;
- Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрықтары мен өкімдері және Университеттің басқа ішкі нормативтік құжаттары, соның ішінде: кеңесшілер органдарының шешімдері;
- Университет қызметкерлерінің техникалық қауіпсіздік, еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық.

3. Бөлімшенің функциялары және жауапкершілікті бөлу

Кафедра білім беру қызметтерін көрсету саласында оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Кафедраның мақсаты – мемлекеттік білім беру стандарттарына және Университеттің 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасына сәйкес терең теориялық және қолданбалы білімдер мен құзыреттерге ие жоғары кәсіби білікті мамандарды сапалы деңгейде дайындауды ұйымдастыру.

Кафедра қызметінің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- несие жүйесін қолдана отырып, кафедраға бекітілген пәндер мен курстар бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың (бұдан әрі – білім алушылар) теориялық және практикалық дайындығын ұйымдастыру;
- кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының (ПОК) ғылыми және ғылыми-педагогикалық біліктілік деңгейін арттыру;
- кафедра профилі бойынша іргелі, ізденіс және қолданбалы ғылыми зерттеулерді және басқа ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу, соның ішінде бастамашыл тәртіппен ғылыми зерттеулер, сондай-ақ гранттық қолдауға, бюджеттік және бюджеттен тыс келісімшарттарға сәйкес;
- білім алушыларда азаматтық ұстанымды, толерантты сананы, қазіргі заманғы жағдайларда еңбек ету және өмір сүру қабілетін қалыптастыру, қоғамның мәдени және ғылыми құндылықтарын сақтау және арттыру;
- Университеттің 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасын іске асыру;
- кафедраның оқу-зертханалық базасын дамыту.

Қойылған міндеттерді шешу үшін кафедра келесі функцияларды жүзеге асырады:

1. Кафедра профилі бойынша жоғары және магистратурадан кейінгі білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеу. Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру.

2. Білім алушылардың оқу материалын жақсы меңгеруіне ықпал ететін заманауи білім беру технологияларын, оқу формалары мен құралдарын әзірлеу және пайдалану.

3. Кафедра пәндері бойынша барлық оқу сабақтарын жұмыс оқу жоспарына, Академиялық күнтізбеге және сабақ кестесіне сәйкес өткізу.

4. Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бақылау.

5. Барлық тәжірибе түрлерін, білім алушылардың стажировкаларын, дипломдық/кешенді жұмыстарды (жобаларды), кешенді емтихан-1 және кешенді емтихан-2 ұйымдастыру және басқару.

6. Кафедра бітірушілерінің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, бітірушілердің жұмысқа орналасу деректерін талдау, кафедраға бекітілген барлық ББ бойынша кадрларды дайындау бағыттары бойынша еңбек ресурстары нарығын зерттеу.

7. Мамандарды дайындауда кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен іскерлік ынтымақтастықтың түрлі формаларын дамыту.

8. Кафедра профиліне сәйкес келетін және зерттелетін ғылымдардың (пәндердің) теориялық және практикалық мәселелерін одан әрі дамыту тұрғысынан перспективалы бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу.

9. Кафедра профилі бойынша диссертацияларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талқылау, рецензиялау және олар бойынша қорытындылар дайындау.

10. Білім алушылардың көзқарасын кеңейтуге және таңдалған ББ-ға құндылықты қатынас қалыптастыруға ықпал ететін кафедра профилі бойынша тақырыптық іс-шараларды өткізу.

11. Университетте өткізілетін әлеуметтік-тәрбиелік сипаттағы барлық іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу.

12. Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттырудың перспективалық және жыл сайынғы жоспарларын оқытылатын пәндердің профиліне сәйкес кемінде 3 (үш) жылда 1 (бір) рет және курстың көлемі кемінде 72 (жетпіс екі) сағат болатындай етіп әзірлеу, инклюзивті білім беру бойынша барлық ПОҚ-тің біліктілігін арттыру курстарынан өтуін ұйымдастыру және бақылау (курстар кемінде 72 сағат).

13. Кафедра оқытушыларының шығармашылық өсуіне жәрдемдесу, соның ішінде бастаушы оқытушыларды жетекші профессорларға, ассоциирленген профессорларға және профессор ассистенттеріне бекіту, «Жас оқытушы мектебі» жұмысын талқылау және әдістемелік семинарда және инновациялық апта аясында ашық сабақтар мен басқа оқу сабақтарын өткізу, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені зерттеу және тарату.

14. Оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің магистрлік және докторлық диссертациялар бойынша жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасау, кафедра оқытушылары орындайтын диссертацияларды талқылау, кафедра ПОҚ-тың конференцияларға қатысуына және зерттеу нәтижелерін жариялауға жәрдемдесу.

15. Оқу процесін және ғылыми-зерттеу қызметін қамтамасыз ететін оқу зертханалары мен басқа оқу базаларын, соның ішінде өндірісте ұйымдастыру, олардың мақсаты білім беру процесін әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

16. Кафедра профиліне сәйкес кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде кафедра филиалдарын ұйымдастыру, дуальды білім беру элементтерін енгізумен оқу сабақтарын, көшпелі сабақтарды, танысу экскурсияларын және барлық тәжірибе түрлерін, стажировкаларды, бітіру жұмыстарын (жобаларын) дайындауды өткізу мақсатында.

17. Кафедра қызметінің бағыттары бойынша жауаптыларды бөлу ағымдағы оқу жылының бірінші отырысында жүзеге асырылады және хаттамалық шешіммен ресімделеді.

Танысу парағы

№	Құжатпен танысқан тұлғаның аты-жөні	Лауазымы	Қолтаңба	Күні
1	2	3	4	5
	Мұрашев Р.Д.	Зав. кафедр. ТҮСБ	[Signature]	02.09.25
	Кенесбаев А. А.	ассоц. профессор	[Signature]	02.09.25
	Мұсабаев Б.К.	ассоц. проф	[Signature]	02.09.25
	Ишбаева Ш. А.	сенior-лектор	[Signature]	02.09.25
	Султанов А. М.	ассоц.-проф	[Signature]	02.09.25
	Бекмолдабергана М.	ассоц. проф АНТ	[Signature]	02.09.25
	Алимов М. С.	сенior лектор	[Signature]	02.09.25
	Демурова К. А.	сенior лектор	[Signature]	02.09.25
	Битмишев З. Н.	ассоц проф	[Signature]	02.09.25
	Амик А.	сенior-лектор	[Signature]	02.09.25
	Багаева Н. Ү.	ассоц. проф. АНТ	[Signature]	02.09.25
	Үсербаева А. С.	сенior лектор	[Signature]	02.09.25
	Абдулманов С. Е.	ассоц. проф	[Signature]	02.09.25
	Вахитова А. В.	ассоц. проф	[Signature]	02.09.25
	Түлеубаева М. К.	ассоц. проф	[Signature]	02.09.25
	Карсабаев. С. Е.	профессор	[Signature]	02.09.25
	Мусаева Т. С.	профессор	[Signature]	02.09.25
	Шакырқалиев Б.	ассоц. проф АНТ	[Signature]	02.09.25
	Моланғолов Ш. С.	ассоц. проф. АНТ	[Signature]	02.09.25
	Демидов С.	специалист каф	[Signature]	8.12.25